

БЕКІТЕМІН

Маңғыстау облысының жастар
саясаты мәселелері жөніндегі
басқарма басшысының м.а.
Қ.Қ.Уәзірова
2026 жылы



Маңғыстау облысының жастарына арналған «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранттар байқауын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының Маңғыстау облысының жастарына арналған «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру байқауын (әрі қарай – Байқау) өткізу тәртібін айқындайды.

1.2 Байқау аясында әрқайсысы 1 000 000 теңгеге дейін грант алатын **18 жеңімпаз** анықталады.

1.3 Осы Ережеде мынандай негізгі ұғымдар қолданылады:

грант алушы – грант беру туралы шартқа (әрі қарай – шарт) сәйкес грант төлемі жүзеге асырылған конкурс жеңімпазы.

грант беруге арналған конкурс (әрі қарай – конкурс) – осы ережеге сәйкес грант беру үшін жеңімпазды айқындау процесі;

жоба – жобаны іске асыру орындылығының, мерзімдерінің әлеуметтік-экономикалық негіздемесін, грант қаражаты есебінен жоспарланатын шығындардың тізбесін айқындайтын ұсынылған идеяны жүзеге асыру және іске асыру жоспары;

конкурстық комиссия – байқау өтінімдерін бағалауды жүзеге асыратын және конкурс жеңімпаздарын айқындайтын алқалы орган;

байқау өтінімі – азаматтың осы Ереженің талаптарына сәйкес қажетті құжаттар қоса берілген, байқауға қатысуға арналған өтініші;

ұйымдастырушы – байқауды ұйымдастыру мәселелерімен айналысатын үкіметтік емес ұйым («Ел-шежіре» қоғамдық қоры)

үміткер – конкурстық өтінімдерді қабылдау аяқталған кезде 14 жастан кем емес және 34 (қоса алғанда) жасқа дейінгі, конкурсқа қатысуға конкурстық өтінім берген Қазақстан Республикасының азаматы.

1.4 Бөлінген грант қаражаты жобаны іске асыру үшін пайдаланылады.

1.5 Грантты игеру мерзімі бір айдан аспайды.

1.6 Гранттар Қазақстан Республикасының азаматына жаңа идеялар мен бастамаларды іске асыру үшін конкурстық негізде мынадай бағыттар бойынша:

«**Ғылым**» – ғылымның басым секторларында жаңа ғылыми жобаларды және зерттеулерді іске асыруға беріледі;

«**Мәдениет**» – Қазақстанның мәдени мұрасын танымал етуге, халықтық мәдени дәстүрлер мен өнерді ілгерілетуге бағытталған жобаларды іске асыруға беріледі;

«**Ақпараттық технологиялар**» – жаңа IT шешімдер мен жобаларды, оның ішінде жаңадан басталған стартап жобаларды іске асыруға және әзірлеуге беріледі;

«**Бизнес**» – экономиканың басым секторларында жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға беріледі;

«**Медиа**» – жаңа медиа жобаларды, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контент құру жөніндегі жобаларды іске асыруға беріледі.

«**Волонтерлік**» – өзекті, әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған волонтерлік жобаларды (бастамаларды) іске асыруға беріледі.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1 Грант берудің мақсаты белсенді шығармашыл жастар қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған жастардың жаңа және қолданыстағы бастамаларын мемлекеттік қолдау болып табылады.

2.2 Грант беру міндеттері:

- талантты және талапты жастарды қолдау;
- елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін практикалық қызығушылық тудыратын жастардың инновациялық жобалары мен ғылыми-техникалық әзірлемелерін анықтау және қолдау;
- жастардың жаңа және жұмыс істеп тұрған стартап-жобаларын іске асыруға жәрдем көрсету;
- жастар арасында шығармашылық қызметті танымал ету.

3. Байқау талаптары

3.1 Байқауға қатысу үшін өтініш берушілер көрсетілген барлық критерийлерге сай болуы тиіс.

- өтініш беруші Қазақстан Республикасының азаматы болуға тиіс;
- өтініш берушінің жасы өтініш берген кезде 14 жастан 34 (қоса алғанда) жасқа дейін болуы керек;
- өтініш беруші өтініш берген кезде Маңғыстау облысында тұрақты тіркеуі болуы тиіс;

3.2 Байқауға өткен жылдардағы республикалық және жергілікті «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының иегерлері өтініш бере алмайды.

4. Байқауды өткізу тәртібі

4.1 Байқауды ұйымдастыруды және өткізуді ұйымдастырушы жүзеге асырады.

4.2 Байқау келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) конкурстық өтінімдерді қабылдау;
- 2) техникалық іріктеу;
- 3) конкурстық комиссияның іріктеуі.

4.3 Байқау туралы хабарландыру мынадай негізгі мәліметтерді қамтиды:

Байқауға қатысуға өтінім беру мерзімі: 2026 жылғы «15» қыркүйектен бастап «30» қыркүйек, сағат 23.59-ге дейін.

Байқаудың техникалық іріктеу кезеңі: 2026 жылғы «30» қыркүйектен бастап «4» қазанға дейін.

Байқау комиссиясының отырысы: 2026 жылғы «7» қазаннан бастап «11» қазанға дейін.

Байқаудың жеңімпаздарын (грант иегерлері) хабарлау және марапаттау шарасы: 2026 жылғы «12» қазаннан бастап «20» қазанға дейін.

Байқауды өткізу тәртібі мен мерзіміне тапсырыс берушінің шешіміне сәйкес өзгеріс енуі мүмкін.

Жобаны жүзеге асыру мерзімі: жеңімпаз жастар анықталған сәттен бастап 2026 жылдың «1» желтоқсанына дейін.

Байқау және оның ережесі, іріктеу қорытындылары, жеңімпаздар туралы ақпарат ұйымдастырушының [@tauelsizdikurpaktary12](https://www.instagram.com/tauelsizdikurpaktary12) инстаграм парақшасында жарияланады.

5. Байқауға қатысушылардың өтінімдерін қабылдау

5.1 Өтінім беруші байқауға қатысу үшін urpaq2026.com порталы арқылы осы Ереженің №5.3. тармағында көрсетілген өтінімді жолдайды.

5.2 Байқауға өтінімдер мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде қабылданады және мыналарды қамтуға тиіс:

- 1) осы Ережеге №1 және №2 қосымшадағы нысан бойынша жобаның сипаттамасы;
- 2) осы Ережеге №3 қосымшаға сәйкес шығыстар сметасының жобасы;
- 3) жоба бойынша таныстырылым (он слайдтан аспайды);
- 4) зияткерлік меншік туралы мәліметтер (бар болса);
- 5) жеке куәлік немесе туу туралы куәліктің көшірмесі.

5.3 Байқауды өткізу туралы ақпараттық хабарламада көрсетілген конкурстық өтінімдерді беру мерзімі өткеннен кейін ұсынылған байқау өтінімдері қабылданбайды.

5.4 Байқауға қатысуға өтінім, өтініш берушінің осы Ережеде көзделген талаптарымен және шарттарымен келісімін білдіру нысаны болып табылады.

5.5 Байқауға қатысу, байқау өтінімін дайындау және ұсыну бойынша барлық шығыстар үміткер есебінен жүргізіледі.

6. Жобаларды конкурстық іріктеу

6.1 Жобаларды конкурстық іріктеу екі негізгі кезеңде өтеді:

- 1) техникалық іріктеу;
- 2) конкурстық комиссияның іріктеуі.

6.2 Ұйымдастырушы өтінімдердің толықтығын және олардың осы Ереженің шарттарына сәйкестігін белгілеу мақсатында техникалық іріктеу жүргізеді.

6.3 Техникалық іріктеу жүргізу кезінде Ұйымдастырушы мынадай өлшемшарттарды басшылыққа алатын болады:

өтініш беруші 3-тармақта көрсетілген осы Ереженің талаптарына сәйкес келуі тиіс. Өтініш беруші көрсетілген критерийлердің біріне сәйкес келмеген жағдайда, оның өтінімі техникалық іріктеу кезеңінде қабылданбайды;

барлық ұсынылған өтінімдер осы Ереженің талаптарына сәйкес рәсімделуі және толтырылуы тиіс. Өтінімге барлық қажетті құжаттар қоса берілуі тиіс. Талаптарды бұза отырып рәсімделген немесе ішінара толтырылған өтінімдер техникалық іріктеу кезеңінде қабылданбайды;

ұсынылған жобалар 1.3-тармақта көрсетілген бағыттарға сәйкес болуы керек. Осы Ережеде көрсетілген бағыттарға сәйкес келмейтін өтінімдер техникалық іріктеу кезеңінде қабылданбайды.

6.4 Техникалық іріктеу нәтижелері хаттамамен рәсімделеді және Тапсырыс берушіге анықтама енгізіледі. Ақпарат ұйымдастырушының сайтында немесе байқаудың әлеуметтік желілердегі ресми парақшасында жарияланады.

6.5 Техникалық іріктеуден өткен барлық өтінімдер конкурстық комиссия мүшелерінің қарауына жіберіледі.

6.6 Конкурстық комиссияның құрамына жергілікті атқарушы органдар мен азаматтық қоғамның өкілдері, ғалымдар, мамандар және гранттың әрбір бағыты бойынша сарапшылар кіреді.

6.7 Мүдделер қақтығысы болған жағдайда конкурстық комиссияның мүшесі бұл туралы конкурстық комиссияның хатшысына хабардар етеді және конкурстық комиссияның жұмысына қатысуға жіберілмейді.

6.8 Жобаларды қарау мен бағалау, бағалау көрсеткіштеріне сәйкес конкурстық комиссияның әрбір мүшесі дербес жүргізетін болады.

6.9 Жобаны бағалау үшін келесі критерийлер бойынша 1 ден 10 ға дейінгі балл есептеледі:

- 1) жобаның бағытқа сәйкестігі;
- 2) мәселені (ағымдағы жағдайды) түсіну және нақты сипаттау, статистика және ресми дереккөздерге сілтеме жасауы;

- 3) жобаның бәсекеге қабілеттілігі;
- 4) ұсынылатын жобаның жаңашылдығы (бірегейлігі);
- 5) бенефициарларды қамту және жобаны іске асыру ауқымы;
- 6) жоспарланған нәтижелер шынайы және ұсынылған жоба аясында қол жетімді;
- 7) қаржыландыру аяқталғаннан кейін қызметті жалғастыру және (немесе) нәтижелерді ілгерілету мүмкіндігінің нақты сипатталуы;
- 8) сметада ұсынылған шығындар негізделген және шынайы;
- 9) жобаны іске асырудың ұсынылған мерзімдері негізделген және шынайы.

6.10 Баллдарды қою жобаның осы Қағидалардың 6.10-тармағында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкестігін айқындау арқылы келесі тәсілмен жүргізіледі:

- көрсеткіш тармақшаларының толығымен бірде-біріне сәйкес келмеу кезінде – 1 балл;
- көрсеткіш тармақшаларының біреуіне сәйкес келеді – 2 балл;
- көрсеткіштің екі тармақшасына сәйкес келеді – 3 балл;
- көрсеткіштің үш тармақшасына сәйкес келеді – 4 балл;
- көрсеткіштің төрт тармақшасына сәйкес келеді – 5 балл;
- көрсеткіштің бес тармақшасына сәйкес келеді – 6 балл;
- көрсеткіштің алты тармақшасына сәйкес келеді – 7 балл;
- көрсеткіштің жеті тармақшасына сәйкес келеді – 8 балл;
- көрсеткіштің сегіз тармақшасына сәйкес келеді – 9 балл;
- көрсеткіштің барлық тармақшасына сәйкес келеді – 10 балл.

6.11 Бағалаудың әрбір көрсеткіші бойынша комиссия мүшелері жобаға өз балын қояды.

6.12 Бағалау қорытындысы бойынша жобаның жалпы балы есептеледі, ол конкурстық комиссияның барлық мүшелері қойған балдардың қосындысы болып табылады.

6.13 Жалпы балдың ең көп сомасын жинаған 18 үміткер конкурстың жеңімпазы болып танылады.

6.14 Байқау жеңімпаздарын анықтау конкурстық комиссияның отырысында өткізілетін болады.

6.15 Конкурстық комиссияның отырысы ашықтық, айқындық қағидаттарында өткізіледі және ұйымдастырушының немесе байқаудың әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарының беттерінде онлайн-трансляция режимінде өтеді.

6.16 Конкурстық комиссияның отырысы, егер оған мүшелердің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі.

6.17 Конкурстық комиссияның шешімі хаттамамен рәсімделеді, ол ұйымдастырушының сайтында немесе байқаудың әлеуметтік желілердегі парақшаларында жарияланады.

6.18 Конкурстың жеңімпаздары анықталғаннан кейін Ұйымдастырушы конкурста жеңіске жеткен өтініш берушілерді және конкурстың жеңімпазы деп танылмаған өтініш берушілерді хабардар етеді.

7. Грантты беру, пайдалану және қайтару тәртібі

7.1 Байқау жеңімпазы екінші деңгейдегі банктерде жеке шот ашады және конкурстық комиссияның конкурс қорытындылары туралы хаттамасына қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Ұйымдастырушыға грантты аудару үшін банктік шоттың бар-жоғы және нөмірі туралы анықтаманы ұсынады.

Екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотты грант алушы грантты аудару үшін арнайы ашады.

7.2 Ұйымдастырушы конкурстық комиссияның конкурс қорытындылары туралы хаттамасының негізінде грант алушы банктік шоттың бар-жоғы және нөмірі туралы анықтаманы ұсынғаннан кейін грант алушымен шарт жасасады.

Кәмелетке толмаған грант алушылар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен шарт жасасады.

7.3 Грант алушы Ұйымдастырушыға осы Ереженің №5 және №6 қосымшаларына сәйкес нысан бойынша шартта белгіленген мерзімдерде аралық/қорытынды бағдарламалық есептерді, ақша қаражатының жұмсалуды туралы аралық/қорытынды есептерді ұсынады.

7.4 Ұйымдастырушы 2026 жылғы 1 желтоқсанға дейін грант қаражатының нысаналы пайдаланылуына, оның ішінде грант алушының ұсынған есебі бойынша мониторингті жүзеге асырады.

7.5 Гранттың мақсатсыз пайдаланылуы анықталған жағдайда ұйымдастырушы грант алушыны шарт талаптарының бұзылғаны және гранттың толық сомасын қайтару қажеттігі туралы жазбаша нысанда хабардар етеді. Грант алушы грант қаражатын ұйымдастырушыдан хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде қайтарады. Грант алушы қаражатты белгіленген мерзімде қайтармаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өндіріп алынады.

7.6 Грант алушы ұйымдастырушыға жобаның іске асырылу барысы, оның кезеңдері мен нәтижелері туралы ақпаратты БАҚ-та және әлеуметтік желілерде жариялауға келісім береді.

7.7 Қаражат қайтарылмайды егер:

- 1) грант алушы қайтыс болған жағдайда;
- 2) грант алушы хабар-ошарсыз кетті деп танылған немесе қайтыс болды деп жарияланған жағдайда;
- 3) грант алушы іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған жағдайларда (растайтын құжаттар болған кезде).

8. Апелляциялар мен шағымдар

8.1. Грант алушы техникалық іріктеу нәтижелеріне немесе бағалау кезіндегі рәсімдік бұзушылықтарға апелляция беруге құқылы.

8.2. Апелляция тиісті нәтижелер жарияланған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде беріледі.

8.3. Апелляцияны Тапсырыс беруші өкілінің қатысуымен ұйымдастырушының апелляциялық тобы 5 жұмыс күні ішінде қарайды.

8.4. Қайта қарау негіздері: арифметикалық қате; кворумның бұзылуы; мүдделер қақтығысы бар тұлғаның қатысуы; формальды талаптарды дұрыс қолданбау; оператордың кінәсінен құжаттардың жоғалуы/қаралмауы.

8.5. Апелляция рәсімдік бұзушылық көрсетілмей, тек сараптамалық бағамен келіспеуге ғана негізделе алмайды.

9. Шарттар жасасу

9.1. Ұйымдастырушы конкурс қорытындылары бекітілгеннен кейін 3 күнтізбелік күн ішінде жеңімпазбен шарт жасасады.

9.2. Шартқа қол қойылғанға дейін жеңімпаз нақтыланған сметаны, күнтізбелік жоспарды және қаражат аударуға арналған деректемелерді ұсынады.

9.3. Құжаттар ұсынылмаған немесе жеңімпаз бас тартқан жағдайда ұйымдастырушы грантты тиісті бағыттың резервтік тізіміндегі өтінім берушіге ұсынуға құқылы.

9.4. Шарт нысанасын, грант сомасын, іске асыру мерзімдерін, құқықтар мен міндеттерді, есептілік, мониторинг, мақсатсыз қаражатты қайтару тәртібін және тараптардың жауапкершілігін айқындайды.

9.5. Шартты бұзуға тараптардың келісімі бойынша, талаптар елеулі бұзылған кезде оператордың бастамасы бойынша не шартта және заңнамада көзделген өзге де негіздер бойынша жол беріледі.

10. Байланыс мәліметтері

10.1. Байқауға қатысуға қатысты барлық сұрақтар бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асырушы «Ел Шежіре» қоғамдық қорына, +7 778 000 3375 (WhatsApp) телефон нөмірі бойынша колл-орталыққа хабарласуға болады.

10.2. Тапсырыс беруші – «Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі.